

ISSN (Print) 2616-6895
ISSN (Online) 2663-2497

ВЕСТНИК
ЕВРАЗИЙСКОГО
НАЦИОНАЛЬНОГО
УНИВЕРСИТЕТА
ИМ. Л.Н. ГУМИЛЕВА

BULLETIN
of
L.N. GUMILYOV
EURASIAN NATIONAL
UNIVERSITY

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ

ПЕДАГОГИКА. ПСИХОЛОГИЯ. ӘЛЕУМЕТТАНУ сериясы
PEDAGOGY. PSYCHOLOGY. SOCIOLOGY Series
Серия ПЕДАГОГИКА. ПСИХОЛОГИЯ. СОЦИОЛОГИЯ

№ 4 (125)/2018

1995 жылдан бастап шығады
Founded in 1995
Издается с 1995 года

Жылына 4 рет шығады
Published 4 times a year
Выходит 4 раза в год

Астана, 2018
Astana, 2018

Бас редакторы
Молдажанова А. А.
п.ғ.д., проф. (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары (педагогика)	Г.Ж. Менлибекова , п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Бас редактордың орынбасары (психология)	А.Р. Ерментаева , п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Бас редактордың орынбасары (социология)	Н.О. Байғабылов , PhD (Қазақстан)

Редакция алқасы

Иванова Г.П.	п.ғ.д. (Ресей)
Исламова З.М.	п.ғ.к., доцент (Ресей)
Кажғалиева А.	докторант (Қазақстан)
Калдыбаева О.В.	PhD (Қазақстан)
Колева И.	докт. (Болгария)
Сейтқазы П.Б.	п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Сунарчина М.М.	э.ғ.д., проф. (Ресей)
Толубекова Р.К.	п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Уразбаева Г.Т.	п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Хан Н.Н.	п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Хаяти Тюфекчиоглу	э.ғ.д., проф. (Түркия)
Шайхисламов Р.Б.	э.ғ.д., проф. (Ресей)
Шалғынбаева Қ.Қ.	п.ғ.д., проф. (Қазақстан)

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Сәтпаев к-сі, 2, 408 б.,
Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31432)
E-mail: vest_pedpsysoc@enu.kz

Жауапты хатишы, компьютерде беттеген: Ә. С. Жұматаева

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы.
ПЕДАГОГИКА. ПСИХОЛОГИЯ. ӘЛЕУМЕТТАНУ сериясы

Меншіктенуші: ҚР БЖҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК
Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігімен тіркелген. 27.03.18 ж. № 17001-
Ж -тіркеу куәлігі

Мерзімділігі: жылына 4 рет.

Тиражы: 35 дана

Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қажымұқан к-сі, 13/1, тел.: +7(7172)709-500 (ішкі 31432)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Editor-in-Chief
Doctor of Pedagogical Sciences,
Prof.(Kazakhstan)
A.A. Moldazhanova

Deputy Editor-in-Chief (pedagogy) **G.Zh.Menlibekova**, Doctor of Pedagogical Sciences,
Prof. (Kazakhstan)
Deputy Editor-in-Chief (psychology) **A.R. Yermentayeva**, Doctor of Psychological Sciences,
Prof. (Kazakhstan)
Deputy Editor-in-Chief (sociology) **Н.О. Байғабдылов**, PhD (Қазақстан)

Editorial board

Ivanova G.P.	Doctor of Pedagogical Sciences (Russia)
Islamova Z.M.	Can. of Pedagogical. Sciences, Assoc.Prof (Russia)
Kazhgaliyeva A.	Doctoral Candidate (Kazakhstan)
Kaldybayeva O.V.	PhD (Kazakhstan)
Koleva I.	Dr. (Bulgaria)
Seytkazy P.B.	Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.(Kazakhstan)
Sunarchina M.M.	Doctor of Sociology, Prof. (Russia)
Toleubekova R.K.	Doctor of Pedagogical Sciences, prof.(Kazakhstan)
Urazbayeva G.T.	Doctor of Pedagogical Sciences, prof. (Kazakhstan)
Khan N.N.	Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.(Kazakhstan)
Hayati Tufekcioglu	Doctor of Sociology, Prof. (Turkey)
Shaikhislamov R.B.	Doctor of Sociology, Prof. (Russia)
Shalgynbayeva K.K.	Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.(Kazakhstan)

Editorial address:2, Satpayev str., of.408, Astana, Kazakhstan, 010008
L.N.Gumilyov Eurasian National University
Tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31432)
E-mail: vest_pedpsysoc@enu.kz

Responsible secretary, computer layout: A.S.Zhumatayeva

Bulletin of L.N.Gumilyov Eurasian National University PEDAGOGY. PSYCHOLOGY. SOCIOLOGY Series

Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N.Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Registered by Ministry of information and communication of Republic of Kazakhstan.

Registration certificate No. 17001-Ж from 27.03.18

Periodicity: 4 times a year

Circulation: 35 copies

Address of printing house: 13/1 Kazhimukan str., Astana, Kazakhstan 010008; tel.: +7(7172) 709-500 (ext.31432)

© **L.N.Gumilyov Eurasian National University**

Главный редактор
д.п.н., профессор
А. А. Молдажанова (Казахстан)

Зам. главного редактора (педагогика)	Г.Ж. Менлибекова , д.п.н., проф. (Казахстан)
Зам. главного редактора (психология)	А.Р. Ерментаева , д.пс. наук, проф. (Казахстан)
Зам. главного редактора (социология)	Н.О. Байгабылов , PhD (Казахстан)

Редакционная коллегия

Иванова Г.П.	д.п.н. (Россия)
Исламова З.М.	к.п.н., доцент (Россия)
Кажғалиева А.	докторант (Казахстан)
Калдыбаева О.В.	PhD (Казахстан)
Колева И.	докт. (Болгария)
Сейтказы П.Б.	д.п.н., проф. (Казахстан)
Сунарчина М.М.	д.с.н., проф. (Россия)
Толубекова Р.К.	д.п.н., проф. (Казахстан)
Уразбаева Г.Т.	д.п.н., проф. (Казахстан)
Хан Н.Н.	д.п.н., проф. (Казахстан)
Хаяти Тюфекчиоглу	д.с.н., проф. (Турция)
Шайхисламов Р.Б.	д.с.н., проф. (Россия)
Шалғынбаева К.К.	д.п.н., проф. (Казахстан)

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Сағпаева, 2, каб. 408,
Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева
Тел.: +7(7172) 709-500 (вн. 31432)
E-mail: vest_pedpsysoc@enu.kz

Ответственный секретарь, компьютерная верстка: А. С. Жуматаева

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева.

Серия: ПЕДАГОГИКА. ПСИХОЛОГИЯ. СОЦИОЛОГИЯ.

Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК
Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций Республики Казахстан.

Регистрационное свидетельство № 17001-Ж от 27.03.18 г.

Периодичность: 4 раза в год

Тираж: 35 экземпляров

Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Кажымукана, 13/1, тел.: +7(7172)709-500 (вн.31432)

© Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

МАЗМҰНЫ

ПЕДАГОГИКА

<i>Әбелдына Ж.Қ., Әлімқұлова Ә.Ж., Молдумарова Ж.Қ., Молдумарова Ж.Е., Әбелдына Р.К.</i> Динамикалық виртуалды орта оқу сапасын арттыру факторы ретінде	8
<i>Байсалықова Ш.А., Баегизова А.С.</i> ЖОО-ғы білім беру барысында пәнаралық интеграция техникалық ғылым және технологиялар деңгейінде оқу үрдісіне пәнаралық интеграцияның даму тенденциялары	16
<i>Байсарина С.С., Әскербекова А.Е.</i> Студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру жолдары	22
<i>Байсарина С.С., Сламбекова Т.С., Боранбаева М.С.</i> Деңгейлеп саралап оқыту технологиясының ерекшеліктері	31
<i>Бурмистрова В.А., Исатаева М.С.</i> Студенттердің оқу және оқудан тыс зерттеу жұмыстарының интеграциялық ерекшеліктері: ғылыми-бағдарланған тәсілдеме	38
<i>Каратаева А.А., Рахимжанова Л.Б.</i> Информатика курсына экономикалық есептерді модельдеуге оқыту технологиясы	47
<i>Көксеген Ә.Е.</i> Информатика пәні бойынша ағылшын тілінде педагогтардың қайта даярлау және біліктілігін артыруға арналған on-line оқу орталығын жасау	56
<i>Нурлыбекова А.Б., Полатова С.Д., Сырлыбаева Э.М.</i> Университетте шетел тілін оқытудағы көптілді топтарда тиімді тәсілдерді қолдану	61
<i>Серік М., Мухамбетова М.Ж., Құлтан Я.</i> «Клиент-сервер технологиясы» курсы бойынша жоғары оқу орнында білім берудің дидактикалық негіздері туралы	68
<i>Туралбаева А.Т.</i> Фасилитациялау біліктілікті арттыру жүйесінің негізгі ұстанымдарының бірі	74
<i>Шалғынбаева Қ.Қ., Махадиева А. К.</i> Отбасындағы модельдің бұзылуы зорлық-зомбылықтың қайнар көзі	81

ПСИХОЛОГИЯ

<i>Ерментәева А.Р., Әубәкірова Ж.Қ., Әуренова М.Д.</i> Студенттерді субъект-бағдарлы психологиялық дайындаудың рөлі мен маңызы	89
<i>Урузбаева Г.Т., Валиева А.Б., Айтышева А.М.</i> Әлеуметтік саладағы болашақ мамандардың этникалық күзіреттілігі	97

ӘЛЕУМЕТТАНУ

<i>Мәтібаев Т. Б.</i> Әлеуметтік ынтымақтастық: тұжырымдама	102
<i>Накипбаева Ж.А.</i> Жаһандану жағдайындағы әйелдердің халықаралық некелік көші-қоны	108
<i>Тұрсынбаева Б.Ж., Байгабылов Н.О.</i> Экологиялық сананы қалыптастырудың әлеуметтанулық аспектілері	114
<i>Урузбаева Н.А., Мусина К.П.</i> Қазақстанда өнімді жұмыспен қамту және бұқаралық кәсіпкерлікті дамытуды әлеуметтік-экономикалық талдау	121

CONTENTS

PEDAGOGY

<i>Abeldina Zh.K., Alimkulova E.Zh., Moldumarova Zh. K., Moldumarova Zh.E., Abeldina R.K.</i> Dynamic virtual environment as a factor in improving the quality of education	8
<i>Baisalikova Sh.A., Bayegizova A.S.</i> Development trends of interdisciplinary integration in the educational process of the university at the level of technological sciences and technologies ...	16
<i>Baisarina S.S., Askerbekova A.E.</i> Ways of organizing independent work of students	22
<i>Baisarina S.S., Slambekova T.S., Boranbaeva M.S.</i> Features of differentiated learning technologies	31
<i>Burmistrova V.A., Issatayeva M.S.</i> Features of the integration of training and extracurricular research work of students: a science-oriented approach	38
<i>Karatayeva A.A., Rakhimzhanova L.B.</i> Technology for training on modeling of economic tasks in the informatics course	47
<i>Koxegen A.E.</i> Creating on-line center for retraining and qualifications increasing the teachers computer science in English	56
<i>Nurlybekova A.B., Polatova S. D., Sirlibaeva E. M.</i> The usage of effective approaches in teaching a foreign language in the multilingual University groups	61
<i>Serik M., Mukhambetova M., Kultan J.</i> About didactic foundations of teaching in higher education by the client-server technology course	68
<i>Turalbayeva A.T.</i> Facilitation as one of the basic principles of the advanced training system ...	74
<i>Shalgynbayeva K.K., Makhadiyeva A.K.</i> Disruption of the family model as a source of violence	81

PSYCHOLOGY

<i>Yermentayeva A. R., Aubakirova Zh. K., Aurenova M.A.</i> Role and importance of subject-oriented psychological training of students	89
<i>Uruzbayeva G.T., Valiyeva A.B., Aitysheva A.M.</i> Ethnic competence of the future specialist social sphere	97

SOCIOLOGY

<i>Matibaev T.B.</i> Social cooperation: concept and essence	102
<i>Nakipbayeva Zh.</i> International marriage migration of women in globalization conditions	108
<i>Tursynbayeva B.Zh., Baigabylov N.O.</i> Social aspects of the formation of the ecological consciousness	114
<i>Uruzbayeva N.A., Mussina K.P.</i> Socio-economic analysis of the productive employment and mass entrepreneurship development in Kazakhstan	121

СОДЕРЖАНИЕ

ПЕДАГОГИКА

<i>Абельдина Ж.К., Алимкулова Э.Ж., Молдумарова Ж.К., Молдумарова Ж.Е., Абельдина Р.К.</i> Динамичная виртуальная среда как фактор повышения качества обучения	8
<i>Байсалыкова Ш.А., Баегизова А.С.</i> Тенденции развития междисциплинарной интеграции в образовательном процессе вуза на уровне технологических наук и технологий	16
<i>Байсарина С.С., Аскербекова А.Е.</i> Способы организации самостоятельной работы студентов	22
<i>Байсарина С.С., Сламбекова Т.С., Боранбаева М.С.</i> Особенности дифференцированных технологий обучения	31
<i>Бурмистрова В.А., Исатаева М.С.</i> Особенности интеграции учебной и внеучебной исследовательской работы студентов: научно-ориентированный подход	38
<i>Каратаева А.А., Рахимжанова Л.Б.</i> Технология обучения моделированию экономических задач в курсе информатики	47
<i>Коксеген А. Е.</i> Создание on-line центра по переподготовке и повышения квалификации педагогов информатики на английском языке	56
<i>Нурлыбекова А.Б., Полатова С.Д., Сырлыбаева Э.М.</i> Использование эффективных подходов в обучении иностранному языку в полиязычных группах университета	61
<i>Серик М., Мухамбетова М.Ж., Култан Я.</i> О дидактических основах обучения в вузах по курсу «Клиент-серверные технологии»	68
<i>Туралбаева А.Т.</i> Фасилитация как один из основных принципов системы повышения квалификации	74
<i>Шалгынбаева К.К., Махадиева А. К.</i> Нарушение семейной модели как источник насилия	81

ПСИХОЛОГИЯ

<i>Ерментаева А.Р., Аубакирова Ж.К., Дуренова М.Д.</i> Роль и значение субъектно-ориентированной психологической подготовки студентов	89
<i>Урузбаева Г.Т., Валиева А.Б., Айтышева А.М.</i> Этническая компетентность будущего специалиста социальной сферы	97

СОЦИОЛОГИЯ

<i>Матибаев Т.Б.</i> Социальное сотрудничество: концепция и сущность	102
<i>Накипбаева Ж.А.</i> Международная брачная миграция женщин в условиях глобализации.....	108
<i>Турсынбаева Б.Ж., Байгабылов Н.О.</i> Социальные аспекты формирования экологического сознания	114
<i>Урузбаева Н.А., Мусина К.П.</i> Социально-экономический анализ развития продуктивной занятости и массового предпринимательства в Казахстане	121

XҒТАР 14.07.07

С.С. Байсарина, А.Е.Әскербекова

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: ms.2110@bk.ru, askerbekova93@bk.ru)

Студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру жолдары

Аннотация: Білім алушылардың өзіне-өзі білім беру қызметінің тәжірибесін қалыптастырудың негізгі бағыттары, яғни қоғамдық-саяси дамуының кезеңі үшін әлеуметтік маңызы бар мәселелерді шешу және өзінің жеке мүдделерін қанағаттандыру құралы ретінде өз бетінше білім алу қажеттілігін қалыптастыру, қажетті жалпыланған білім мен іскерлікті меңгеру, ақпаратты пайдаланудың қазіргі заманғы әдістері мен құралдарын меңгеру, ашық және қашықтықтан білім алуда өзінің танымдық іс-әрекетінің траекториясын ұтымды ұйымдастыру сияқты дағдыларын меңгеру болып табылады. Аталған мәселе студенттердің ғылыми-шығармашылықтары мен жалпы танымдық қабілеттерін дамытуда үлкен рөл атқарады.

Студенттердің болашақта өз ісінің маманы ретінде қалыптасуы үшін өзіндік жұмыстар арқылы оларды дерберстікке, креативті ойлауға баулу керек. Сондықтан, жоғары оқу орнының студенттері үшін қолданылатын өзіндік жұмыстардың түрлері және әдіс-тәсілдерін қарастырып, талдау арқылы тиімді формаларын оқыту үдерісінде қолдануға болады.

Түйін сөздер: өзіндік жұмыс, шығармашылық, танымдық әрекет, оқыту үдерісі, кәсіби тұлға, жоғары мектеп.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2018-125-4-22-30>

Кіріспе. Қазіргі таңдағы жоғары білім берудегі болып жатқан реформалар - оқыту парадигмасының білім беру парадигмасына ауысуына байланысты туындауда. Жаңа білім беру парадигмасында студент білімді пассивті тұтынушыдан, кез келген мәселені сауатты құратын, оның шешімдерін талдай алатын, нақты тұжырымға келіп, оның дұрыстығын дәлелдей алатын белсенді субъектіге айналуы тиіс. Мұндай жағдайда студенттердің өзіндік жұмысы оқу үдерісінің тек маңызды формасы ғана емес, ол оның негізіне айналады [1, 10 б].

Жоғары мектептің түлегі кез келген бағытта өзіндік кәсіби білімдік іс-әрекетке дайын болуы керек, бұл - заманауи өмірдің шындығы. Жаңа ақпараттық технологиялардың пайда болуы, жаңартылған білім мазмұны және қоғамдағы, білім саласындағы т.б. өзгерістер тек білімді ғана талап етпейді, ол кез келген өзгерістер мен толқуларға бейімделе алатын, өз-өзін көрсетіп, мәселелерді шеше алатын қабілеттерді талап етеді. Сонымен қатар, заманауи кәсіби тұлға әр түрлі жобаларға, кәсіби пікірталастарға, күрделі міндеттер мен мәселелерді шешуге қабілетті болуы керек [1, 12 б].

Қазіргі таңдағы заманауи маманға қойылатын талаптардың деңгейі жоғары оқу орындарында кәсіби кадрларды дайындау жүйесінің дидактикалық негіздерін үнемі жетілдіріп отыруды, оқытушылар мен студенттердің өзара шығармашыл іс-әрекетіне ғылыми-негізделген тұғырларды құрастыруды талап етеді. Жоғары оқу орнындағы білім мақсаты - жоғары кәсіби деңгейі бар, бәсекеге қабілетті, өзін-өзі дамытуға қабілеті бар, дербестігі жоғары және кәсіби құзіреттілік деңгейі жоғары шығармашыл тұлғаны дамыту.

Жалпы, студенттердің өзіндік жұмысы мәселесін зерттеуге деген қызығушылық соңғы жылдары жоғары оқу орнының білім беру жүйесіндегі өзгерістерге байланысты ұлғайды. Маңызды себептерінің ішінде келесілерді атап өтуге болады:

- бәсекеге қабілетті маманды даярлау - жоғары мектептің жетекші міндетіне айналды;
- заманауи әлеуметтік-мәдени шарттар, үнемі өзінің білімдерін жетілдіруді талап ететін үздіксіз білім берудің өзектілігін алдыңғы орынға қояды;
- ақпараттық қоғам жағдайында білім беру үдерісі ұйымдастыруды өзгерту талап етіледі, яғни, аудиториялық жүктемені қысқартып, дәрісті пассивті «тыңдаушыдан» студенттердің өзіндік жұмысының ұлғаюына ауысу.

Қазіргі кездегі қоғамда адам білімді немесе білікті бір рет үйреніп, оны өмір бойына қолдана алмайды. Оның білімдері қаншалықты терең және жан-жақты болғанымен он жылдан кейін олар өзінің өзектілігін жоғалтуы мүмкін. Құзіреттіліктің осы дағдарысынан өтудің жалғыз жолы - өздігінен білім алу болып табылады, бұл - жаңа өзекті білімдерді меңгеруге бағытталған өзін-өзі дамыту мен өзін-өзі жетілдіру бойынша өзіндік жұмыстың формасы болып табылады.

Еліміздегі жоғары оқу орындарында енгізілген кредиттік оқыту технологиясы - қазіргі заманғы студенттердің бойында терең де, толыққанды кәсіби білімді өздігінен жұмыс істеу біліктерін қалыптастырып, оны әрі қарай дамытуға жағдай жасайтын оқыту жүйесі. Бұл жүйедегі басым бағыттардың бірі - өзіндік жұмыстар арқылы студенттердің белсенділігі мен саналылығын қалыптастыру. Зерттеудің мақсат-міндеттерін басшылыққа ала отырып, «өзіндік жұмыс» ұғымының эволюциялық дамуына талдау жасадық.

Аталған мәселе ертедегі Сократ, Демокрит, Платон сияқты грек ойшылдарының еңбектерінде де қарастырылған, яғни, ертеден-ақ шәкірттердің өздігінен оқуына, өзіндік іс-әрекетіне ерекше мән берілген. Сондай-ақ, оқыту үдерісіндегі өзіндік іс-әрекеттің өзектілігі Я.А. Коменский, И.Г. Песталоцци мен А.Дистервегтің еңбектерінде қарастырылады. Ал, қазақ халқының мәдениеті мен ағартушылық тарихында көрнекті орын алатын Ы.Алтынсарин білім алушылардың өз бетінше білім алуында педагогтің рөлін жоғары бағаласа, Ш.Уәлиханов, А.Құнанбаев тұлғаның өзіндік психологиялық ерекшеліктерін дамыту сияқты ғылыми, мәні бар мәселелерге баса назар аударып, өзіндік сана-сезімді дамытуда жан-жақты білім алуға, ізденуге шақырады.

Жалпы, студенттердің өзіндік жұмыстарының педагогикалық-психологиялық аспектілерін зерттеуге: А.Н. Леонтьев, П.Я.Гальперин, С.Л.Рубинштейн, В.А.Крутецкий, М.М.Мұқанов, А.Беляева, Ж.Сүлейменов, Ш.Тлепина, Н.Д.Иванова, О.И.Яхно, Г.И.Щукина, В.П.Пименов, М.В.Кларин, В.Н.Павловский, А.Я.Айзенберг, ал, қазіргі әлемдік стандартқа сай сапалы білім беруді ұйымдастыруға Ф.Н.Жақыпова, Б.С.Имандосова, Н.С.Абдуллаев, Қ.А. Асабай, Б.Андасова, Г.К.Орманова, Н.Ю.Кифик ғылыми еңбектері арналған. Зерттеушілер, өзіндік іс-әрекет ұғымын білім мен іс-әрекет тәсілдерін өз күшімен игеруге ұмтылысымен көрініс табатын тұлға қасиетін анықтайтын жиынтық ретінде көрсетеді [2, 9 б.].


Зерттеулердің мақсаттары мен мәселелеріне байланысты авторлардың ұсынған өзіндік жұмыс жайлы бірқатар анықтамаларының толық талдаулары М.Г.Гаруновтың, О.А.Наильсонның еңбектерінен орын алған. Студенттердің өзіндік жұмысына көп көңіл бөлінуінің себебі: қазір әр түрлі білім беру жүйелеріндегі жинақталған ой елегінен өткізіп, қорытындылауды талап етеді.

Зерттеушілер атап айтқандай, өзіндік жұмысқа берілген анықтамалардың әр түрлілігі кездейсоқ емес. Бұны өздігінен орындайтын жұмысты оқытушының да, студенттің де өзара іс-әрекеттерін екі жақты үдеріс ретінде қарастырғанда байқалатын оның екі жақты сипатымен түсіндіруге болады.

Студенттердің өзіндік жұмысын дидактикалық тұрғыда қарастырғандар: А.Е.Абылқасымова, Н.А.Адельбаева, С.И.Архангельский, М.В.Буланова-Топоркова, И.И. Кобыляцкий еңбектері арналған. Сондай-ақ, өзіндік жұмыстың маңызы артқанын, ондағы оқытушының орнын, кредиттік оқыту жүйесінде оны ұйымдастырудың кейбір ерекшеліктері мен мәселелерін отандық зерттеушілер С.Е.Калдыкозова, А.Головчун және ресейлік зерттеушілер Е.Галицких, Ю.Попов, В.Оробинский, И.Г. Ковалевский, Г.Ларионова еңбектерінде қарастырылады.

Студенттердің өзіндік жұмыс мәселесі педагогикалық-психологиялық және әдістемелік әдебиеттерде көпәспекттілі қарастырылады (Б.П.Есипов, И.Д. Зверев, Р.Г.Лемберг, И.Я.Лернер, А.С.Лында, И.Т.Огородников, Н.А. Половникова, М.Н.Скаткин, В.П.Стрекозин, А.В.Усова және т.б.). Бұл жұмыстардың талдауы, педагогтердің өзіндік

жұмыс туралы ортақ анықтамалары жоқ екендігін, яғни, оның мәні, белгілері, түрлері әр түрлі қарастырылатынын көрсетті. Ең алдымен, өзіндік жұмыстың не екендігін нақты анықтап алған жөн. Көптеген авторлардың пікірінше, «студенттердің өзіндік жұмысы» терминінің ғылыми түсінік ретінде нақты анықтамасы жоқ. «Өзіндік жұмыс» түсінігі педагогиканың классиктері А.Дистерверг, Т.Кампанелла, Я.А. Коменский, М.Монтен, Ж.Ж.Руссо, И.Г.Песталоцци, К.Д.Ушинский, С.Т. Шацкийдің, П.П.Блонскийдің және т.б. еңбектерінде көрініс тапты. Өзіндік жұмыс туралы түрлі әдебиеттерді талдау, қазіргі уақытта «өзіндік жұмыс» түсінігінің мәнін ашудағы бірнеше тұғырлардың бар екендігін көрсетті. Өзіндік жұмыстың мағынасын ашуда авторлар оны әр түрлі қарастырады. Оны төмендегі 1- суреттен көруге болады.



Сурет 1. Өзіндік жұмыстардың сипаты

Студенттердің өзіндік іс-әрекетін зерттеу мәселесі К.Д.Ушинскийдің зерттеулерінде ерекше орын алады. Ол оқытушы білім алушыға тек білімді беріп қана қоймай, олардың өздігінен жаңа білімді оқытушының көмегінсіз меңгеру қабілетін дамыту керектігін айтады [3, 500 б.].

Педагогика тарихында оқытудағы өзіндік іс-әрекеттің екі концепциясы орын алды. Бірінші концепцияның (Ф. Гербарт, Д. Локк) өкілдері білім алушыны білім, білік және дағдыларды меңгертетін, педагогикалық әсер етудің пассивті объектісі ретінде қарастырды. Бұл концепция бойынша білім алушылардың өзіндік іс-әрекеті мәселесі ғылыми негізге қойылмады. Екінші концепцияда (Д.Дьюи, Ж.Ж. Руссо) білім алушыны дамыту өздігінен жетілдіру және табиғаттан берілген тұлғаның сапаларын одан әрі ашу болып табылады.

Бұл концепцияның жақтаушыларының орталық идеясы өзіндік іс-әрекеттің кенеттен пайда болуына кедергі жасамау болды. Екі концепцияның кемшілігі - оқыту үдерісінде студенттердің өзіндік іс-әрекетін мақсатты түрде қалыптастырудың болмауы. Сонымен, өзіндік іс-әрекет өзіндік танымдық іс-әрекеттің негізінде жатқандығын тұжырымдауға болады. Оқыту үдерісінде студенттердің өзіндік іс-әрекеті қажет, себебі, ол жоғары мектеп педагогикасының маңызды принциптерінің бірі - танымдық принципінің жүзеге асуын қамтамасыз етеді.

Жалпы, өзіндік жұмысқа берілген әр түрлі анықтамаларды төмендегі 1 кестеден анық көруге болады.

Өзіндік жұмысқа ғалымдардың берген анықтамалары

№	Қарастырған ғалымдар	Анықтамалар
1	Протасов И.Т.	Өзіндік жұмыс - біліктілік пен іскерлік жиынтығы [5, 102 б].
2	Кулагина Г.Н.	Өзіндік жұмыс - студенттің іс-әрекет құралы белсенділігі мен өз бетімен білім алуға дайындығы [5, 64 б].
3	Дари Г.Н.	Өзіндік жұмыс - студент өз бетімен орындайтын, ол өзінің біліміне, іскерлігі мен сеніміне, өмірлік тәжірибесі, дүниетанымына сүйене отырып атқаратын іс-әрекет [6, 110 б].
4	Асанов Н.	Студенттің өзіндік жұмысы - студент білімінің тереңдігі, дағдылары мен біліктілігіне, білім меңгеруіне ықпал ететін оқу процесінің ең негізгі элементтерінің бірі.
5	Есипов Б.П.	Өзіндік жұмыс - оқытушының қатысуынсыз, бірақ оның тапсырмасынан жүргізілетін жұмыс түрі [5, 126 б].
6	Давыдов. М	Өзіндік жұмыс - оқытушының тікелей қатысуынсыз жүзеге асырылатын жеке немесе топтық іс-әрекет [6, 968 б].
7	Рапацевич Е.Ц.	Өзіндік жұмыс - оқыту және өзін-өзі дамыту әдісі, бір-бірімен байланысқан дидактикалық әдістер жиынтығы [7, 928 б].
8	Сергеева С.Б.	Өзіндік жұмыс - кәсіби шеберлікті меңгеруге бағытталған тұлғаның іс-әрекеті [8, 86 б].
9	Низамов Р.А.	Өзіндік жұмыс - аудиториялық сабақ немесе сабақтан тыс уақытта студенттердің өз бетімен жүргізетін жеке, топтық жұмыс түрлері [9, 192 б].
10	Лушников А.М.	Өзіндік жұмыс - ғылыми зерттеулерге дайындалудың жақсы тәсілі [9, 35 б].

Жоғарыдағы кестедегі зерттеушілердің берген анықтамаларының барлығын талдай келе, қазіргі білім беру жағдайындағы өзіндік жұмыстың орнын ескере отырып, келесі анықтаманы ұсынамыз: «Өзіндік жұмыс - бұл студенттердің белгілі бір тапсырманы орындау барысында орындалатын, оқытушының басшылығымен, бірақ, оның тікелей қатысуынсыз жүзеге асырылатын, өздігінен білім алу, бар білімді шыңдау және жеке тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеуі ұғымымен қатысты танымдық әрекет».

Адамның өзін-өзі білім беру қызметінің тәжірибесін қалыптастырудың негізгі бағыттары: қоғамдық-саяси дамуының осы кезеңі үшін әлеуметтік маңызы бар мәселелерді шешу және өзінің жеке мүдделерін қанағаттандыру құралы ретінде өз бетінше білім алу қажеттілігін қалыптастыру; адам қызметінің басым түрлерін орындау үшін қажетті жалпыланған білім мен іскерлікті меңгеру; ақпаратты пайдаланудың қазіргі заманғы әдістері мен құралдарын, кітаптар, автоматтандырылған және компьютерлік кешендерді меңгеру, ашық және қашықтықтан білім; өзінің танымдық іс-әрекетінің траекториясын ұтымды ұйымдастыру, жоспарлау, іске асыру, содан кейін бағалау және түзету дағдыларын меңгеру. Әр түрлі авторлардың әдістемелері мен еңбектерін талдай келе Д.Г. Левитес өзіндік жұмыстағы келесі іс-әрекеттердің бірізділігін ұсынады:

- әдебиетпен танысу;
- мәселені шығару;
- мәселені қою (құрастыру);
- түсініксіз сұрақтарды нақтылау;

- болжамды құрастыру;
- оқу іс-әрекеттерін жоспарлау және құру;
- мәліметтер жинақтау (фактілерді, бақылауларды, дәлелдерді);
- жиналған мәліметтерді талдау және жинақтау;
- жиналған мәліметтер мен қорытындыларды сәйкестендіру;
- хабарлама дайындап, оны жазу;
- дайындаған хабарламамен сөз сөйлеу, сұрақтарға жауап беру;
- болжамдарды тексеру;
- қорытынды шығару [9, 234].

Ендеше, жоғарыда аталған іс-әрекеттердің бірізділігі сақталса, жоғары оқу орны студенттері өзіндік жұмысты жоғары дәрежеде орындай алады деген сөз. Бұл алгоритмдерден көріп отырғанымыздай студенттердің өзіндік жұмысы - тек практикалық тапсырма ретінде ғана орындалмайтын, бірізді, жүйелі зерттеу жұмыстарын қажет ететін танымдық іс-әрекет екендігін көреміз.

Ал, педагог-практиктердің көзқарастары бойынша өзіндік жұмыстарды орындауда келесі алгоритмдер сақталуы қажет:

- оқытушы студентке тақырып таңдап, оны ашу мақсатында жоспар құрып, жоспардағы әр сұрақты түсіндіру қажет;
- дәріс барысында қандай сұрақтар жақсы қарастырылып, қандай мәселелерге жалпы шолу жасалынды немесе қандай мәселелер мүлде қарастырылмағандығына назар аудару керек;
- көрсетілген әдебиет көздерін, басқа да қосымша ақпарат көздерін анықтау, зерттеу;
- ақпаратпен жұмысқа кірісу, студенттің өзіндік жұмысына берілген тақырып бойынша жиналған фактілердің барлығын жинақтау;
- жоспардың әр сұрағы бойынша жауаптардың логикасын ойластыру;
- қиындық тудырған сұрақтарды жазып алып, оқытушыдан кеңес алу.

Бұл жерде педагог-практиктердің өзіндік жұмысты орындауға берген алгоритмдерін қарастыра отырып, Д.Г.Левитестің алгоритмдерінен айырмашылығын талдадық. Нәтижесінде, студенттердің өзіндік жұмысында ғылымилық аз екендігін көруге болады, яғни, педагог-практиктердің алгоритмдері бойынша өзіндік жұмыс белгілі бір тақырып бойынша жоспар құрылып, сол жоспардағы сұрақтарды ашу мақсатында ақпарат жинап, сол ақпаратты арқылы сұрақтарға жауап беру жүзінде ғана іске асырылады. Ал, өзіндік жұмыс студенттердің танымдық қабілеттерін дамытып, олардың іздену, зерттеу қабілеттерін арттыру үшін өзіндік жұмысқа көп көңіл бөліп, оның ғылыми тұрғыда жасалуына мән беруіміз қажет.

Енді жоғары оқу орнының студенттер орындайтын өзіндік жұмыстардың классификациясын қарастырайық. Өзіндік жұмыстар келесі белгілері бойынша жіктеледі: дидактикалық мақсаттарға сәйкес, студенттердің іс-әрекет формаларына, студенттердің іс-әрекеттерінің әдістері мен тәсілдеріне, тапсырманың түріне, жауап беру түріне, студенттердің іс-әрекетінің сипатына, орындалу орнына, өзіндік жұмыстың әдістеріне байланысты. Өзіндік жұмыстардың нақты жіктемелерін төмендегі 2-кестеден көруге болады.

Өзіндік жұмыстардың жіктелімі

№	Негізгі жіктелімі	Өзіндік жұмыстардың түрлері
1	Дидактикалық мақсатқа қарай	Жаңа білімдерді меңгеру, өздігінен жаңа білім алуды меңгеру. Әр түрлі практикалық жағдайларда меңгерген білімдерін қолдана алу
2	Студенттердің іс-әрекет формасын ұйымдастыруға байланысты	Фронтальді, топтық, жеке
3	Студенттердің іс-әрекеттерінің әдістері мен тәсілдеріне байланысты	Бақылау, кітаппен, басқа да баспа материалдарымен жұмыс, компьютермен жұмыс, баяндама оқу, экскурсия жасау, пікір жазу
4	Жауап беру түріне байланысты	Ауызша, жазбаша, графикалық
5	Студенттердің іс-әрекетінің сипатына	Репродуктивті, ізденіс, зерттеу
6	Орындалу орнына қарай	Сабақта, сабақтан тыс уақытта
7	Өзіндік жұмыстың әдістеріне байланысты	Салыстырмалы-аналитикалық бақылау Оқу эксперименті Құрастыру және модельдеу Тапсырмаларды орындау Кітаппен жұмыс

Аталған өзіндік жұмыстардың жіктелімі бір-бірімен тығыз байланысты болуы қажет және қажеттілігіне қарай студенттер әр түрлі белгілеріне байланысты өзіндік жұмыстарды орындаулары мүмкін.

Өзіндік жұмыстардың белгілеріне қарай жіктелімін ажыратып алғаннан кейін өзіндік жұмыстардың түрлерін қарастырайық. Жалпы педагогикада өзіндік жұмыстарды: оқу, ғылыми және әлеуметтік деп бөледі. Бұлар бір-бірімен тығыз байланысты. Бірақ, негізгісі оқу мақсатындағы студенттердің өзіндік жұмысы болып табылады.

Студенттердің өзіндік жұмыстары келесі формалармен беріледі: дәріс, семинар, практикалық, лабораториялық сабақтар, экскурсиялар және оларға дайындық. Студенттер дәрістердің қысқаша мазмұнының конспектісін жазып, баяндама тезистерін әзірлеп, әдебиеттерді таңдай алулары қажет.

Ал, ғылыми өзіндік жұмыстар кезінде студенттер кафедраның үйірмелеріне, ғылыми конференцияларға қатысады, реферат, курстық жұмыс, дипломдық жұмыстарды жазуды жатқызуға болады. Ғылыми өзіндік жұмыстардың тиімділігі:

- болашақ мамандар жаңа білімдерді ізденіп, меңгереді;
- алынған білімдер нақты әрі мақсатқа бағдарланған болады;
- студенттер өздерінің еңбектерінің жемісін көреді және олардың алдағы уақыттағы іс-әрекеттерін ынталандырады;

- ғылыми зерттеудің алғышарттары қалыптасады.

Білім берудің негізгі мақсаты студенттердің қазіргі жағдайында өз бетінше кәсіби

өсуге қабілетті, біліктілігі жоғары, құзыретті мамандарды дайындау болып табылады. Жоғарыда айтылғандардың барлығы педагогикалық жоғары орындарының түлектеріне да толық қатысты.

Алған білімдерін бекіту үшін біз 5В 012300 - «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының ӘПЖӨӨТ-41 тобында білім кесімін өткіздік. 20 студенттен құралған топ сынақтан өтті.

Кесте 3. Студенттердің өзіндік білім беру қызметін талдау олардың өзіндік дамуына бірқатар заңды тәуелділіктерді белгілеуге мүмкіндік берді:

№	Өздігінен білім алуға дайындық компоненттері	Оқу тәжірибесінен өту кезіндегі кәсіби қызметтің тиімділігі
1	Тұрақты мотивациясының өз бетімен білім алу қызметі	+0,70
2	Кәсіби міндеттерді шешудің жаңа, неғұрлым тиімді тәсілдерін іздеуге ұмтылу	+0,57
3	Кәсіби міндеттерді шешу кезінде білім, дағды мен іскерліктің даму деңгейі	+0,46
4	Өз бетінше білім алу процесінде өз күштері мен қабілеттеріне сенімділік	+0,43

Бұл кестеден анықтағанмыз, біріншіден, өздігінен білім алу сапасына студенттердің мотивациясын дамытудың деңгейі мен бағыттылығы айқындаушы әсер етеді. Зерттеу барысында алынған нәтижелер өзін-өзі дамытудың жоғары деңгейіне тұрақты әлеуметтік және ішкі уәждер қалыптасқан: кәсіптік білім беру сапасын жақсарту қажеттігіне сену; өз білімін жетілдіру процесінде өзінің кәсіби деңгейін арттыруға ұмтылу; әріптестерінен беделге ие болу және т. б. қол жеткізетінін көрсетеді.

Екіншіден, өзіндік білім берудің мазмұны мен бағыты студенттердің кәсіби дайындығына және қызығушылығына байланысты. Эксперименталды жұмыстың барысы мен нәтижелері Өзін-өзі дамыту үдерісі, әдетте, педагогикалық міндеттерді табысты шешуді қамтамасыз ететін тәсілдерді іздестіруден басталатынын көрсетті, содан кейін ол өзін-өзі оқытудың ұйымдастырушылық және мазмұнды аспектілерін қамтиды және соңғы кезекте практикалық міндеттерді шешуге таратылады.

Үшіншіден, өзін-өзі дамыту деңгейін арттыру көбінесе студенттердің өзін-өзі білім беру қызметінің бағытына байланысты. Оқу тәжірибесінен өту барысында студенттердің өздігінен білім алуға дайындығының негізгі компоненттерімен кәсіби қызмет тиімділігінің корреляциялық байланысын талдау

Қорытынды. Жүргізілген зерттеу педагогикалық студенттерінің өздігінен білім алуына педагогикалық басшылық бірнеше кезеңдерден тұратын салыстырмалы түрде ұзақ процесс болып табылады деп тұжырымдауға мүмкіндік береді. Бұл үдерістің динамикасы студенттің жеке тұлғалық ерекшеліктеріне, оның кәсіби дайындығына, мотивацияның дамуына, өзіндік жұмыстың ұйымдастырылуына байланысты.

Өзіндік жұмыс - оқыту үдерісінің маңызды формасы болғаннан кейін, студенттердің зейінін мобильділік, жағдайды болжай алу қабілетіне және студенттердің өз еңбектерінің жағымды нәтижелерін көре алуға аударған жөн. Студенттер өзіндік жұмысты орындау арқылы әр түрлі деңгейдегі кәсіби міндеттерді орындауға қабілетті және дайын белсенді шығармашылық тұлға ретінде қалыптасады.

Әдебиеттер тізімі

1. Семенова В.Г. Самостоятельная работа студентов как важнейшая форма организации учебного процесса в рамках компетентностной модели образования//Организации самостоятельной работы студентов: материалы докладов II Всероссийской научно-практической интернет-конференции. -Саратов: Новый проект, 2013. -10-15 б.
2. Сматова К.Б. Жоғары оқу орындарында өзіндік жұмыстар арқылы студенттердің оқу біліктерін қалыптастыру. Автореферат. -Алматы, 2010. -9 б.
3. Ушинский К.Д. Воскресные школы. -Ленинград: Изд.-во Академии педагогических наук. -1988. - 646 б.
4. Жайлаубек Н.Д., Игибаева А.К. Студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастырудың тиімді жолдары.//Психологиялық-педагогикалық ғылымдар хабаршысының материалдары. -Өскемен, 2015. -256-258 б.
5. Есипов Б.П. Самостоятельная работа учащихся на уроках. -Москва,1916. -126 б.
- 6.Сергеева С. В. Проектирование обучающей среды.-Москва, 2006.-№3, -С.86-87.
7. Низамов Р.А. Педагогика высшей школы. Учебно-методическое пособие. - Изд-во Казанского университета, 1985. –С.192
8. Лушников А.М. История педагогики. -Екатеринбург, 1994. –С.35
9. Левитес Д.Г. Школа для профессионалов или Семь уроков для тех, кто учит. -Воронеж: Издательство НПО «МОДЭК», 2001. –С.256

С.С. Байсарина, А.Е. Әскербекова

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Способы организации самостоятельной работы студентов

Аннотация: Основными направлениями формирования опыта самообразования студентов являются формирование потребности в самообразовании как средства решения социально значимых задач на период социально-политического развития и удовлетворения собственных интересов, приобретения необходимых общих знаний и навыков, овладение современными методами использования информации, овладение траекторией его познавательной деятельности в открытом и дистанционном образовании. Этот вопрос играет важную роль в развитии научного творчества студентов и общих познавательных способностей.

Студентов надо приучать к самостоятельности и креативному мышлению через самостоятельные работы, чтобы в будущем они могли стать профессионалами своего дела.

Ключевые слова: самостоятельная работа, творчество, познавательная деятельность, учебный процесс, профессиональная личность, высшая школа.

S.S. Baisarina, A.E. Askerbekova

L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Ways of organizing independent work of students

Abstract: The main directions of the formation of students' self-education experience are the formation of the need for self-education as a means of solving socially important tasks for a period of social and political development and meeting their own interests, acquiring necessary general knowledge and skills, mastering modern methods of using information, mastering the trajectory of its cognitive activity in the open and remote education. This question plays an important role in the development of students' scientific creativity and general cognitive abilities.

Students should be taught independence and creative thinking through independent work so that they can become professionals in the future.

Key words: independent work, creativity, cognitive activity, educational process, professional personality, high school.

References

1. Semenova V.G. Samostoyatel'naya rabota studentov kak vazhneyshaya forma organizatsii uchebnogo protsessa v ramkakh obrazovatel'noy kompetentnostnoy modeli [Independent work of students as the most important form of organization of educational process within the educational competence model], Organizatsiya samostoyatel'noy raboty studentov: materialy dokladov II Vserossiyskoy nauchno-prakticheskoy internet-konferentsii [Organization of independent work of students: materials of reports of the II all-Russian scientific-practical Internet-conference]. - Novyy proyekt [New project], Saratov: 2013. - PP. 10-15.
2. Smatova K.B. Formirovaniye uchebnykh umeniy studentov cherez samostoyatel'nuyu rabotu v vysshikh uchebnykh zavedeniyakh. [Formation of students ' skills through independent work in higher educational institutions]: Abstract. -Almaty, 2010. - 9 p.
3. Ushinskiy K.D. Voskresnyye shkoly [Sunday schools]., (Izd.-vo Akademii pedagogicheskikh nauk [Ed.- at the Academy of pedagogical Sciences]. Leningrad: 1988. - 646 p.
4. Zhaylaubek N.D., Igibayeva A.K. Effektivnyye puti organizatsii samostoyatel'noy raboty studentov [Efficient ways of organization of independent work of students], Materialy vestnika psikhologo-pedagogicheskikh nauk [Proceedings of the journal of psychological and pedagogical Sciences]. Ust'-Kamenogorsk, 2015. PP.256-258.
5. Yesipov B.P. Samostoyatel'naya rabota uchashchikhsya naurokakh [Independent work of students of science]. (Moscow, 1916. 126 p.).
6. Sergeyeva S. V. Proyektirovaniye obuchayushchey sredy [Projecting of the training environment]. - Moscow, 2006. №3, P.86-87.
7. Nizamov R.A. Pedagogika vysshey shkoly. Uchebno-metodicheskoye posobiye [Pedagogy of higher school. Educational and methodical manual]. (Izd.-vo Kazanskogo universiteta [Publishing house of Kazan University], 1985, - 192 p.).
8. Lushnikov A.M. Istoriya pedagogiki [History of pedagogy]. (Yekaterinburg, 1994, 35 p.).
9. Levites D.G. Shkola dlya professionalov ili Sem' urokov dlya tekh, kto uchit [The School for professionals, or Seven lessons for those who teach], (Publishing house of NGO "MODEK", Voronezh, 2001. – 256 p.).

Авторлар туралы мәлімет:

Байсарина С.С. - әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Янушкевич көш. 6, Астана, Қазақстан.

Әскербекова А.Е. - «Педагогика және психология» мамандығының 2 курс магистранты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Янушкевич көш. 6, Астана, Қазақстан.

Baisarina S.S. - Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Department of social pedagogy and self-cognition, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Yanushkevich Str. 6, Astana, Kazakhstan.

Askerbekova A.E. - master student of "Pedagogy and Psychology", L.N. Gumilyov Eurasian National University, Yanushkevich Str. 6, Astana, Kazakhstan.